

**3 сынып II тоқсан Әдебиеттік оқу пәні «Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау БЖБ №1**

**Мерзімі:** ..... **Білім алушы:**.....

**Оқу мақсаты:** 3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру  
3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтіндегі сөйлемді табу.

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

Мәтінді оқиды. Сұрақтарға жауап береді.

Мәтінге ат қояды, тұрғын үй кешендерін сәйкестендіреді, тапсырмаларды орындайды.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану. Білу және түсіну

**Орындау уақыты:** 20 минут **Балл саны:** 8

**1-тапсырма** Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер. (4)

Екі бала көше бойындағы бағанада ілініп тұрған сағаттың қасында әңгімелесіп тұр.

– Әлі жарты сағат уақыт бар екен. Бұл уақытта ұшқыш жолаушыларды бір қаладан екінші қалаға жеткізе алады, - деді Ораз келіскенін білдіріп.

– Ал менің капитан ағам жиырма минутта кемедегі жолаушыларды қайыққа отырғызып үлгерген.

– Жиырма минут дейсің бе? Кейде он минуттың өзінде біраз шаруа тындыруға болады. Тек әр минутты ескеру керек, - деді Ораз маңғазданып. Осылайша балалар біраз қызықты оқиғаларды еске түсірді. Бір кезде Ораздың көзі сағатқа түсіп кетті. Тұп- тура екі болыпты.

– Жүгірейік!- деді Ораз. – Біз сабаққа кешіктік!

– Ал есеп ше? - деді Нұрлан сасқалақтап.

( В.А. Осеевадан аударылған)

• Балалардың сабаққа кешігуіне не себеп болды?.....

• Ораз уақыт туралы қандай ой айтты? .....

• Балалар өз уақытын бағалай алды ма? .....

Уақытты бағалау дегенді қалай түсінесің? .....

**2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында. (4)**

Астана қаласы жылдан-жылға көркейіп келеді. Оның жаңадан салынған ғимараттары мен әдемі алаңдары көз тартады. Қалада биіктігі 100 метрден асатын ғимараттар көп.

Мысалы, «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының бас ғимараты заманауи үлгіде жасалған зәулім мекеме. Биіктігі – 175 метр. «Меруертті мекен» - әртүрлі биіктіктегі көп қабатты тұрғын үй кешені. Арасындағы ең биігі 210 метрге жуықтайды. Ғимараттың соңғы қабатының аумағы бірінші қабаттан 15 метрге артықтығымен ерекшеленеді.

Қазір мұндай ғимараттар Астананың мақтанышына айналған.

•Сәйкестендір

«Меруертті мекен»

«Қазақстан Темір Жолы»

мекеме ғимараты

ойын-сауық орталығы

тұрғын үй кешені

•Тұрғын үй кешенінің қандай ерекшелігі бар?

Мәтіннен тауып, қоршап сыз.

•Мәтінге ат қой .....

-

Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтінді оқиды. Сұрақтарға жауап береді.	1	Балалардың сабаққа кешігуіне не себеп анықтайды	1
		Ораздың уақыт туралы ойын тауып жазады	1
		Балалар өз уақытын бағалай алды ма? Жауап жазады	1
		Уақыты бағалау туралы пікірлерін жазады	1
Мәтінге ат қояды, тұрғын үй кешендерін сәйкестендіреді, тапсырмаларды орындайды.	2	Мәтінге ат қояды	1
		Тұрғын үй кешендерін сәйкестендіреді	1
		2 тұрғын үй кешендерін сәйкестендірсе	1
		Тұрғын үй кешендерін мәтіннен тауып қоршап сызады	1
<b>Барлығы</b>			<b>8</b>

«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және сұраққа қатысты өз ойын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ сұраққа қатысты ойын айтуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді және сұраққа қатысты өз көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>
Шығарманың мазмұнына сүйеніп, оқиғаның дамуын болжайды	2	Мәтіндегі оқиғаның соңын болжап айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Оқиғаны берілген тақырыппен байланыстыруда/ тақырыпқа сәйкес қорытынды жасауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиғаның соңын болжап айтады. <input type="checkbox"/>

